

**Ақтөбе облыстық мәслихатының  
ШЕШІМІ**

Ақтөбе қаласы

№374

2019 жылғы 21 ақпан

**Облыстық мәслихаттың 2017 жылғы 8 желтоқсандағы №226 «Ақтөбе облысы бойынша іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік - жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Заңының 24-бабының 1) тармақшасына, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №12717 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығының 2 қосымшасымен бекітілген, Іске асырылуы жоспарланған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту тәртібінің 2-тармағына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Облыстық мәслихаттың 2017 жылғы 8 желтоқсандағы №226 «Ақтөбе облысы бойынша іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы» шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

Ақтөбе облысы бойынша іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесіндегі 2, 54, 63 тармақтар келесідей редакцияда жазылсын:

«2. Ақтөбе қаласында қалалық жедел жәрдем бекетін салу және пайдалану»;

«54. «Ақбөбек» Оңалту орталығының ғимаратын физика-математикалық мектеп-интернатына жалға алу»;

«63. Ақтөбе қаласындағы стационар жағдайында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедек балаларға қызмет көрсету бойынша қызметті ұсыну».

2. Осы шешім қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы**

**Т. ЕСЕНҒҰЛОВ**

**Облыстық  
мәслихаттың хатшысы**

**С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА**